

## Қостанай облысының 2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2024 жылғы 17 желтоқсандағы № 185 шешімі.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 75-бабы 2-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2025 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 529 446 283,9 мың теңге, оның ішінде:
  - салықтық түсімдер бойынша – 37 490 509,0 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер бойынша – 3 394 293,2 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 46 986,0 мың теңге;
  - трансферттер түсімі бойынша – 488 514 495,7 мың теңге;
- 2) шығындар – 535 897 742,9 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 30 147 268,0 мың теңге, оның ішінде:
  - бюджеттік кредиттер – 39 133 252,7 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу – 8 985 984,7 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 36 598 727,0 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 36 598 727,0 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 14.03.2025 № 201 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа).**

2. 2025 жылға арналған облыстық бюджетте аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттерінен облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың көлемдері 99 841 156,0 мың теңге сомасында көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

- Бейімбет Майлин ауданынан – 1 899 590,0 мың теңге;
- Жітіқара ауданынан – 1 834 837,0 мың теңге;
- Қарабалық ауданынан – 216 095,0 мың теңге;
- Қарасу ауданынан – 346 529,0 мың теңге;
- Қостанай ауданынан – 4 616 277,0 мың теңге;
- Федоров ауданынан – 897 780,0 мың теңге;
- Қостанай қаласынан – 56 306 386,0 мың теңге;
- Лисаков қаласынан – 3 448 738,0 мың теңге;

Рудный қаласынан – 30 274 924,0 мың теңге.

3. 2025 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне берілетін субвенциялардың көлемдері 4 607 839,0 мың теңге сомасында көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

Алтынсарин ауданына – 210 874,0 мың теңге;

Амангелді ауданына – 667 271,0 мың теңге;

Әулікөл ауданына – 223 900,0 мың теңге;

Денисов ауданына – 227 504,0 мың теңге;

Жангелдин ауданына – 1 140 040,0 мың теңге;

Қамысты ауданына – 112 073,0 мың теңге;

Меңдіқара ауданына – 200 994,0 мың теңге;

Науырзым ауданына – 878 670,0 мың теңге;

Сарыкөл ауданына – 386 614,0 мың теңге;

Ұзынкөл ауданына – 70 181,0 мың теңге;

Арқалық қаласына – 489 718,0 мың теңге.

4. 2025 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер мен кредиттеу сомаларының түсімі көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

1) ішкі істер органдарының азаматтық қызметшілері қатарынан медицина қызметкерлерінің жалақысын арттыруға;

2) табиғат қорғау және арнаулы мекемелер қызметкерлерінің жалақысын арттыруға;

3) эпизоотияға қарсы іс-шараларды өткізуге;

4) ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіруді жүргізуге арналған құралдарды (бұйымдарды) және атрибуттарды сатып алуға;

5) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

6) Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;

7) еңбек мобильділігі орталықтарының қызметін қамтамасыз етуге;

8) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарының медицина қызметкерлерінің жалақысын арттыруға;

9) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, ұйымдар жұмыскерлерінің, қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің жалақысын арттыруға;

10) мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне төленетін ақыны ұлғайтуға;

11) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының медицина қызметкерлеріне еңбекақыны ұлғайтуға;

12) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарының медицина қызметкерлеріне еңбекақыны ұлғайтуға;

13) жеке орта білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға;

14) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияның мөлшерін ұлғайтуға;

15) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының медицина қызметкерлеріне еңбекақыны ұлғайтуға;

16) "Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту" пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде жергілікті деңгейде денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға;

17) жергілікті деңгейде денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға;

18) вакциналар мен басқа да иммунобиологиялық препараттарды сатып алуға;

19) жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің жалақысын арттыруға;

20) халықтың әлеуметтік осал топтары үшін коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға;

21) мемлекеттік дене шынықтыру және спорт ұйымдарының медицина қызметкерлеріне еңбекақыны ұлғайтуға;

22) кәсіпкерлік субъектілерінің жол бойындағы сервис объектілерін салу жөніндегі шығындарының бір бөлігін өтеуге;

23) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдерін сайлауды қамтамасыз етуге және өткізуге;

24) ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге;

25) агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға;

Осы тармақтың 5), 6), 7), 8), 9) және 20) тармақшаларында көзделген көрсетілген трансферттерді бөлу Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

5. 2025 жылға арналған облыстық бюджетте мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін республикалық бюджеттен кредиттер сомасының түсімі көзделгені ескерілсін.

Көрсетілген кредит сомасын бөлу Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

6. 2025 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен республикалық бюджетке 435 665,0 мың теңге сомасында қайтару көзделгені ескерілсін.

Көрсетілген соманы қайтару Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

7. 2025 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен қаражат, оның ішінде нысаналы трансферттер түсімінің көзделгені ескерілсін:

- 1) ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға;
- 2) көлік инфрақұрылымын дамытуға;
- 3) "Ауыл - Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға;

Көрсетілген трансферттерді бөлу Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады (осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген нысаналы трансферттерді қоспағанда).

8. 2025 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан келесілерге нысаналы трансферттер түсімі көзделгені ескерілсін:

- 1) "Жайлы мектеп" пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде орта білім беру объектілерін салуға;
- 2) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және (немесе) жайластыруға;
- 3) ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға;
- 4) қалаларда сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға;
- 5) газ тасымалдау жүйесін дамытуға;
- 6) "Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға.

Көрсетілген трансферттерді бөлу Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады (осы тармақтың 1) және 5) тармақшаларында көзделген нысаналы трансферттерді қоспағанда).

9. 2025 жылға арналған аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге салық түсімдерін бөлу нормативтері мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша 100% мөлшерінде;

2) Алтынсарин ауданын – 74,0%, Әулікөл ауданын – 50,0%, Денисов ауданын – 57,0%, Бейімбет Майлин ауданын – 65,0%, Жітіқара ауданын – 90,0%, Қамысты ауданын – 60,0%, Қарабалық ауданын – 50,0%, Қарасу ауданын – 50,0%, Қостанай ауданын – 58,0%, Науырзым ауданын – 66,0%, Сарыкөл ауданын – 50,0%, Қостанай қаласын – 37,0%, Рудный қаласын – 93,0% қоспағанда, төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша 100% мөлшерінде;

3) төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша 100% мөлшерінде;

4) төлем көзінен салық салынбайтын шетел азаматтарының табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша 100% мөлшерінде;

5) әлеуметтік салық бойынша 100% мөлшерінде.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы мәслихатының 22.01.2025 № 198 (01.01.2025 бастап қолданысқа); 14.03.2025 № 201 (01.01.2025 бастап қолданысқа) шешімдерімен.**

10. 2025 жылға арналған өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдарының түсімдерін бөлу нормативтері облыстық бюджетке 100% мөлшерінде белгіленсін.

11. Қостанай облысының жергілікті атқарушы органының 2025 жылға арналған резерві 500 000,0 мың теңге сомасында бекітілсін.

12. 2025 жылғы 31 желтоқсанға Қостанай облысының жергілікті атқарушы органының борыш лимиті 205 755 713,9 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

13. 2025 жылға арналған облыстық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

14. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облыстық мәслихатының төрағасы

С. Ещанов

Келісілді

"Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

И. Амирбеков

2024 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Мәслихаттың

2024 жылғы 17 желтоқсандағы

№ шешіміне

1-қосымша

## Қостанай облысының 2025 жылға арналған облыстық бюджеті

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 14.03.2025 № 201 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа).**

Санаты					Сомасы, мың теңге
Сыныбы		Кіші сыныбы			
		Атауы			
				І. Кірістер	529 446 283,9
1				Салықтық түсімдер	37 490 509,0
	01			Табыс салығы	28 417 279,0
		2		Жеке табыс салығы	28 417 279,0

	05			Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	9 073 230,0
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	8 997 478,0
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	75 752,0
2				Салықтық емес түсімдер	3 394 293,2
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2 562 457,0
		1		Мемлекеттік кәсіпорындарды ң таза кірісі бөлігінің түсімдері	232 304,0
		3		Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	12 231,0
		4		Мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	19 265,0
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	250 891,0
		7		Мемлекеттік бюджеттен берілген	2 047 766,0

				кредиттер бойынша сыйақылар	
	02			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	8,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	8,0
	03			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	22 599,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	22 599,0
				Мемлекеттік бюджеттен	

04			<p>қаржыландырыл атын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен ( шығыстар сметасынан) қамтылатын ж ә н е қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар</p>	807 783,2
		1	<p>Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілер ге өтемақы қорына, Білім б е р у инфрақұрылым ын қолдау қорына және Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл атын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен ( шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар</p>	807 783,2



	06			Басқа да салықтық емес түсімдер	1 446,0
		1		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 446,0
3				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	46 986,0
	01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	46 986,0
		1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	46 986,0
4				Трансферттердің түсімдері	488 514 495,7
	01			Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	107 001 924,7
		2		Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	107 001 924,7
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	381 512 571,0
		1		Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	381 512 571,0
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама			
			Атауы		
				II. Шығындар	535 897 742,9

01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	6 582 486,6
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	5 247 444,9
		110		Облыс мәслихатының аппараты	167 140,0
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	167 140,0
		120		Облыс әкімінің аппараты	4 379 746,3
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 504 746,5
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	47 957,4
			007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	355 058,7
			009	Әкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	1 036 375,0
			113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	435 608,7

		282		Облыстың тексеру комиссиясы	509 007,6
			001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	509 007,6
		752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	191 551,0
			075	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	191 551,0
	2			Қаржылық қызмет	644 800,8
		257		Облыстың қаржы басқармасы	479 751,8
			001	Жергілікті бюджетті атқару атқару, коммуналдық меншікті басқару және бюджеттік жоспарлау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	448 331,8
			009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	9 056,0
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысалы трансферттер	22 364,0

		718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	165 049,0
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	165 049,0
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	428 941,9
		258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	428 941,9
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	420 096,9
			061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	8 845,0
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	261 299,0

		269		Облыстың дін істері басқармасы	250 278,0
			001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	64 547,0
			004	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	2 250,0
			005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	183 481,0
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	11 021,0
			061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	11 021,0
02				Қорғаныс	2 822 079,7
	1			Әскери мұқтаждар	751 378,0
		773		Облыстың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы	751 378,0
			003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	136 180,0
			004	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыстық	615 198,0

				ауқымдағы аумақтық қорғаныс	
2				Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	2 070 701,7
		287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	1 085 066,7
			002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	286 672,7
			004	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	798 394,0
		773		Облыстың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы	985 635,0
			001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс	74 044,0

				саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	752 308,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	159 283,0
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	18 880 490,0
	1			Құқық қорғау қызметі	18 880 490,0
		252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	18 846 840,0
			001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 172 565,0
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	8 526,0
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	665 749,0

		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	33 650,0
			053	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	33 650,0
04				Білім беру	235 912 431,4
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	31 167 572,0
		261		Облыстың білім басқармасы	30 857 446,0
			081	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	12 724 053,0
			202	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	18 133 393,0
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	310 126,0
			011	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	310 126,0
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	163 312 374,0
		261		Облыстың білім басқармасы	148 456 757,3
			003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	4 451 560,0



			006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	1 979 081,0
			055	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	6 853 336,0
			082	Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	96 716 114,3
			083	Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	1 003 695,0
			203	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	36 534 561,0
			204	Жеке орта білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру	918 410,0
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	6 916 754,7
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	6 916 754,7

		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	7 938 862,0
			012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 274 264,0
			069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	15 995,0
			205	"Жайлы мектеп" пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу	6 648 603,0
4				Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	27 453 043,0
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 809 428,0
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	1 809 428,0
		261		Облыстың білім басқармасы	25 643 615,0
			024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында	25 643 615,0

				мамандар даярлау	
5				Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	105 976,0
		120		Облыс әкімінің аппараты	5 976,0
			019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	5 976,0
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	100 000,0
			003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	100 000,0
6				Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру	539 260,0
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	492 018,0
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	492 018,0
		261		Облыстың білім басқармасы	47 242,0
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	47 242,0

	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	13 334 206,4
		261		Облыстың білім басқармасы	13 334 206,4
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 098 897,0
			004	Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	139 760,0
			005	Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	1 231 291,0
			007	Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	1 004 557,0
			011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	1 030 603,0
			013	Мемлекеттік органның	23 217,0

				күрделі шығыстары	
			029	Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу	3 938 313,5
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4 330 266,9
			086	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін	4 424,0
			087	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға	532 877,0
05				Денсаулық сақтау	18 913 346,0
	2			Халықтың денсаулығын қорғау	4 626 806,0
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 890 230,0
			006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	664 090,0
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	71 303,0
				Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының	

			041	шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	1 768 566,0
			042	Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	1 621,0
			050	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	384 650,0
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 736 576,0
			038	Деңсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	1 736 576,0
	3			Мамандандырылған медициналық көмек	1 741 041,0
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 741 041,0

			027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандыр ылған сатып алу және сақтау	1 741 041,0
	4			Емханалар	420 774,0
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	420 774,0
			039	Денсаулық сақтау субъектілерінің қосымша медициналық көмектің көлемін көрсетуі , Call-орталықтар дың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	420 774,0
	5			Медициналық көмектің басқа түрлері	174 979,0
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	174 979,0
			029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	174 979,0
	9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	11 949 746,0
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	11 949 746,0

			001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	377 500,0
			008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	272 873,0
			016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	158 111,0
			018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	73 773,0
			023	Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	656 000,0
			033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	10 411 489,0
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	26 715 227,0
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	11 894 289,8
				Облыстың жұмыспен	



		256		қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	9 661 243,4
			002	Жалпы үлгідегі медициналық-әл еуметтік мекемелерде ( ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында , әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 996 223,0
			013	Психоневрологи я л ы қ медициналық-әл еуметтік мекемелерде ( ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында , әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологи я л ы қ аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	4 237 317,0
				Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар	

			014	адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	669 013,0
			015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 450 637,0
			064	Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету	1 285 685,4
			069	Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын	22 368,0

				құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау	
		261		Облыстың білім басқармасы	2 103 317,9
			015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	1 532 218,9
			037	Әлеуметтік сауықтандыру	157 813,0
			092	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	413 286,0
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	129 728,5
			039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	129 728,5
	2			Әлеуметтік көмек	7 279 185,4
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	7 279 185,4
			003	Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қолдау	2 143 563,4
			068	Жұмыспен қамту бағдарламасы	5 135 622,0
				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік	

9				қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	7 541 751,8
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	7 514 192,8
			001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	358 249,0
			044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	804,0
			046	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	94 354,0
			053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	59 252,0
				Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік	

			066	бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу	26 414,0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	17 283,6
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	6 957 836,2
		752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	27 559,0
			050	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	27 559,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	33 658 996,1
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	5 460,0
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	5 460,0
			054	Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер	5 460,0

	2			Коммуналдық шаруашылық	33 653 536,1
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	33 653 536,1
			001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 170 943,6
			004	Елді мекендерді газдандыру	876 529,0
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	363 765,1
			032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	2 317 203,0
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	9 174 621,6
			114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	19 750 473,8

08				Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістік	25 468 975,3
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	7 316 466,4
		262		Облыстың мәдениет басқармасы	7 316 466,4
			001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	265 000,0
			003	Мәдени-демалы с жұмысын қолдау	1 720 617,0
			005	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	937 645,4
			006	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	94 930,0
			007	Театр және музыка өнерін қолдау	2 417 824,0
			011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	17 500,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	628 299,0
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы	1 234 651,0

				ағымдағы трансферттер	
	2			Спорт	14 377 377,9
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	8 667 683,3
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	197 053,0
			002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	306 261,0
			003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	7 467 663,5
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2 109,0
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	694 596,8
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	5 709 694,6



			024	Спорт объектілерін дамыту	5 709 694,6
	3			Ақпараттық кеңістік	3 105 351,0
		262		Облыстың мәдениет басқармасы	870 881,0
			008	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	870 881,0
		739		Облыстың ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы	1 540 646,0
			001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, архив ісін басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	541 417,0
			003	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	918 337,0
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	80 892,0
		752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	693 824,0
			009	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	693 824,0
	4			Туризм	128 240,0
				Облыстың кәсіпкерлік және	

		266		индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	128 240,0
			021	Туристік қызметті реттеу	10 301,0
			043	Кәсіпкерлік субъектілерінің жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу	101 945,0
			044	Кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау	15 994,0
	9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	541 540,0
		752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	541 540,0
			001	Жергілікті деңгейде қоғамдық даму саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	298 914,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 331,0
			006	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	106 365,0

			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	132 930,0
09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	990 860,0
	1			Отын және энергетика	658 829,0
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	658 829,0
			007	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	658 829,0
	9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	332 031,0
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	332 031,0
			071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	332 031,0
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	56 355 268,4
	1			Ауыл шаруашылығы	45 470 830,5

		719		Облыстың ветеринария басқармасы	4 263 051,5
			001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	387 831,0
			008	М а л қорымдарын ( биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету	117 367,0
			009	А у р у жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру	33 079,0
			010	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	30 669,0
			011	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған ( зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	4 000,0
				Жануарлардың энзоотиялық	

			012	ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу	202 272,0
			013	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	136 726,0
			014	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	2 754 129,3
			015	Ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	441 150,0
			028	Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер	7 997,2
			030	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасын арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (	86 846,0

				облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру	
			031	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды, жануарға арналған ветеринариялық паспортты орталықтандырып сатып алу және оларды аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдау (жеткізу)	60 985,0
		741		Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы	41 207 779,0
			002	Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау	2 662 869,0
			005	Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өндеулер	4 702 700,0

				жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау	
			008	Б а с ы м дақылдардың өндірісін дамытуды субсидиялау	1 189 306,0
			018	Пестицидтерді (у л ы химикаттарды) залалсыздандыру	548,0
			029	А у ы л шаруашылығы дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	88 359,0
			045	Тұқымдық және кө ш е т отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	258 000,0
			046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өzdігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік ж ә н е жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алу және тіркеу	38 730,0
			047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құ н ы н субсидиялау	3 500 000,0

			050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	12 438 149,0
			051	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау	33 757,0
			053	Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау	7 500 000,0
			056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуды кредиттеу, сондай-ақ лизинг беру кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	8 095 361,0
			057	Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсайтын өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау	700 000,0



	2			С у шаруашылығы	44 600,0
		254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	44 600,0
